

2014 жылға арналған Атбасар ауданының ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Атбасар аудандық мәслихатының 2013 жылғы 25 желтоқсандағы № 5С 21/4 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 23 қаңтарда № 3977 болып тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Ақмола облысы Атбасар аудандық мәслихатының 2015 жылғы 26 қаңтардағы № 18 хатымен)

Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Ақмола облысы Атбасар аудандық мәслихатының 26.01.2015 № 18 хатымен).

Ескерту. Шешімнің тақырыбы жаңа редакцияда - Ақмола облысы Атбасар аудандық мәслихатының 27.10.2014 № 5С 28/7 (ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабына, «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының 7 бабының 3 тармағының 4) тармақшасына, 18 бабының 8 тармағына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 18 ақпандағы № 183 «Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну мөлшерін және ережесін бекіту туралы» қаулысының негізінде, Атбасар аудандық мәслихаты **ШЕШІМ Е Т Т І :**

1. Атбасар ауданының ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарына 2014 жылға арналған аудан бюджетінде қарастырылған сома көлемінде келесі әлеуметтік қолдау шаралары ұсынылсын:

1) жетпіс еселік айлық есептік көрсеткішке тең сомада көтерме жәрдемақы;

2) тұрғын үй сатып алу немесе салу үшін әлеуметтік қолдау - бір мың бес жүз еселік айлық есептік көрсеткіштен аспайтын сомада бюджеттік кредит.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Ақмола облысы Атбасар аудандық мәслихатының 27.10.2014 № 5С 28/7 (ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

2. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

сессиясының төрағасы

мәслихатының хатшысы

«КЕЛІСІЛДІ»

Атбасар ауданының әкімі

А у д а н д ы қ м ә с л и х а т ы
Сәдуақасов М.Н.

А т б а с а р а у д а н д ы қ
Борұмбаев Б.А.

Нұркенов Ж.Ж.